

Қазақстан Республикасының 1993 жылы туылған ер азаматтарын Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің әскерге шақырушылар учаскесіне тіркеу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы әкімінің 2009 жылғы 28 желтоқсандағы N 19 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 6 қаңтарда N 13-5-105 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы әкімінің 2010 жылғы 26 қарашадағы N 24 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы әкімінің 2010.11.26 N 24 Шешімімен

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 74–III «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Заңы 17-бабына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңы 33-бабы 1-тармағы 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 мамырдағы № 371 «Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі туралы ережені бекіту туралы» қаулысы негізінде, 1993 жылы туылған азаматтарды Ғабит Мүсірепов атындағы аудандық Қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің әскерге шақырылушылар учаскесіне тіркеуді ұйымдастыру мақсатында **ШЕШІМ** қабылдаймын:

1. Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Қорғаныс істері жөніндегі бөліміне жынысы ер азаматтарды 1993 жылы туылған және тіркеу жылы 17 жасқа толатын сондай-ақ, жасы үлкен тіркеуді өтпеген ересек азаматтарды әскерге шақыру тіркеуіне қатыстырылуы 2010 жылдың қаңтарынан наурыз айы аралығында жүргізілсін.

2. «Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінде шақыру учаскесі ұйымдастырылсын.

3. «Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы Дулат Бекейұлы Ғабдуллинге (келісім бойынша). 2010 жылдың қаңтардан айынан наурызға дейін тіркеуге жататын азаматтарды шақыруын жүргізу ұсынылсын.

4. Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау Министрлігінің Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның «Орталық аудандық

ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның бас дәрігері Қаныш Болатұлы Бижановқа (келісім бойынша) келесі міндеттер ұсынылсын:

1) азаматтарды дәрігерлік куәландырудан өткізу үшін қажетті құрамда тәжірибелі дәрігер мамандары және орта дәрігерлер қызметімен қамтамасыз етсін;

2) аудандық емдеу мекемелері арқылы көкірек клеткасына флюорография (рентгеноскопия) жасау, аяқ табандарын тексеру, электрокардиограмма, анализдер өткізуі барлық азаматтарға 2010 жылдың қаңтарынан бастап «Ғабит Мүсірепов атындағы аудандық Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің есеп жоспарына сәйкес қамтамасыз етілсін;

3) дәрігерлік комиссияны қажетті мөлшерде дәрігерлік және шаруашылық мүлікпен қамтамасыз етілсін;/

4) «Ғабит Мүсірепов атындағы аудандық Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің берген тізімге сәйкес тіркеуден өткенен соң емдеу қажет етілетін азаматтарды емдеу мекемесінің қарамағына алып келіп, кезекті әскери шақыруға дейін емдеу жүргізілсін.

5. Ғабит Мүсірепов атындағы аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы Балабек Әділбекұлы Жахинға (келісім бойынша) азаматтарды тіркеу участігіне келу бақылауын іске асыру және қажетті реті мен тәртіпті қамту, тіркеуден жалтарту әрекетін алдын кесу.

6. Барлық селолық округтердің әкімдеріне жүктелсін:

1) тіркеудің басталуына дейін 1993 жылы туылған азаматтарын және ертеде тіркеуден өтпеген тіркеуден жасы үлкен азаматтардың қажетті құжаттарын даярлап «Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесіне тапсыру;

2) «Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесі белгілеген мерзімге сәйкес тіркеуге жататын барлық азаматтар әскерге шақыру комиссияға қатысуына дербес қағазы тапсырылсын;

3) азаматтарды әскерге шақырушылар учаскесіне жеткізу үшін қажетті көлік және алып барушымен қамтамасыз етілсін, азаматтарды тасымалдауда апат жағдайлардың алдын алу үшін шаралар қабылдансын;

4) әскерге шақыру учаскесіне әскерге дейінгілердің шақыру қағазында көрсетілген қажетті құжаттардың толық екендігі тексерілсін.

7. «Ғабит Мүсірепов атындағы аудандық қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы Наталья Геннадьевна Дышкантқа бюджетпен қарастырылған есепке сәйкес тіркеуді қамтамасыз ету үшін қажетті ақша қаражаты бөлінсін.

8. «Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі»

мемлекеттік мекемесі бастығы Дулат Бекейұлы Ғабдуллинге (келісім бойынша) 1993 жылы туылған азаматтардың әскери шақыру учаскесіне тіркеуінің қорытындысын Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкіміне 2010 жылдың сәуір айында баяндасын.

9. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Алтыншаш Жұлдызбекқызы Тайшабаеваға және Ғабит Мүсірепов атындағы аудандық Қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы Дулат Бекейұлы Ғабдуллинге жүктелсін.

10. Осы шешім ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

М. Тасмағанбетов

К Е Л І С І Л Д І :

Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның

Д.Б. Ғабдуллин

Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі

мемлекеттік мекемесі бастығы

Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның

Б.А.Жахин

Ішкі Істер бөлімінің бастығы

Қазақстан Республикасы денсаулық

Қ.Б. Бижанов

сақтау Министрлігінің Солтүстік

Қазақстан облысы әкімдігінің «Ғабит

Мүсірепов атындағы ауданның Орталық

аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу

мемлекеттік құқығындағы коммуналдық

мемлекеттік кәсіпорынның бас дәрігері